

**EXHIBITION OF FASHION, ВЫСТАВКА МОДЫ,
SHOES, LEATHER AND FUR**

el ELITELINE
EXHIBITION LEATHER SHOES FUR

CAF
CENTRAL ASIA FASHION

30 июля **July** - **1** августа **August** **2023**

**ALMATY,
KAZAKHSTAN**

Организатор / Organizer
catexpo

+77770143618
16+ **www.catexpo.kz**



***Түрлі ел, бір тренд: халықаралық байерлер өз тәжірибелерімен бөлісіп,
оларды не біріктіретіндерін атап өтті.***

Central Asia Fashion халықаралық сән көрмесінің әр маусымына сән индустриясының мыңдаған кәсіпқойлары қатысуда. 32-ші көрменің салоны да қалыс қалмады: 3 күн ішінде CAF көрмесіне 7100 маман қатысты, оның ішінде Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей, Тәжікстан, Түркіменстан және басқа елдерден келген байерлер мен fashion ритейл өкілдері болды.



Central Asia Fashion 32-ші Халықаралық сән көрмесі

CAF: қолжетімді, жылдам, ауқымды

Сатып алуға және алдын ала тапсырыс беруге келген халықаралық сарапшылар ассортимент пен ұсынылған жаңа өнімдер туралы қуана-қуана сөз қозғап, өз тәжірибелерімен және пікірлерімен бөлісуде. Қашықтық кедергі емес: байерлердің қалауы бір - клиенттің қажеттіліктерін мүмкіндігінше қанағаттандыру. Мысалға, «Бухоро 27» дүкендер желісінің байері Душанбеден (Тәжікстан) келген Махмуд Одинаевтың айтуынша, суық мезгіл қарсаңында сатып алуда маусымдық аяқ киімге баса назар аударылады, ал Алматы мен CAF көрмесі ең қолайлы орынға айналуда: «Біздің желі Душанбедегі 5-тен астам дүкеннен тұрады, болашақта біз аймақтарға тараймыз деп үміттенеміз. Маусымға қарай сауда жасалуда және қазір, аяқ киімге назар аударудамыз. Көктемде біз Central Asia Fashion көрмесінде болдық және негізінен тоқыма

бұйымдарын алған едік, ал қазір туфли мен етік алудамыз, - дейді маман, - «Ең үлкен артықшылығы - бізден қатты алыс емес орналасуы, біз Алматыға оңай келе аламыз, ал Түркияға осылай келе салу қиын».



Бухоро 27 дүкендер желісінің байері, Махмуд Одинаев, Душанбе, Тәжікстан

Шетелдік әріптесінің пікірімен Бішкектен (Қырғызстан) келген байер Анаркуль Иманбаева да келісуде: «Мен әйелдердің киімдері мен аяқ киімдерін сатамын. Алматыдағы көрмені өте пайдалы деп есептеймін: мұнда мен биылғы маусымдық сән туралы түсінігімді кеңейтіп, үлгілерді жақыннан қарап, ең бастысы дүкеніме тауарлар сатып аламын. Мен байерлер бағдарламасын САҒ-тың үлкен жетістігі деп санаймын – оның арқасында әртүрлі қалалардағы адамдар жиналып, байерлер мен сатып алушылар әртүрлі елдердің өндірушілерінің тауарлары туралы көбірек біле алады».



Байер, кәсіби коуч, Ильмира Ахенбекова, Шымкент, Қазақстан

Бұл ретте CAF алаңында халықаралық брендтерді біріктірудің ыңғайлылығын бірінші кезекте қазақстандық мамандар атап өтеді.

Шымкенттен келген Ильмира Ахенбекова өз ойымен бөлісуде: *«Мен 16 жылдан бері бизнеспен айналысып келемін, бұл маған өте ұнайды және мен дамуды ұнатамын. Көрмеге бару мен үшін жаңа байерлермен, жаңа жеткізушілермен танысу, жаңа контент пен қызмет бағыттарын зерттеу үшін пайдалы. Бұл жолы Қытай мен Польшадан келген жеткізушілерге көп назар аудардым, олармен таныстым, байланыстар алмастым. Алдағы уақытта тапсырыс беріп, олармен жұмыс жасауды жоспарлап отырмын. Бұл өте ыңғайлы. Тұтастай алғанда, жұмыс істеу әлдеқайда оңай бола түсті: жеткізу әлдеқайда жылдам, яғни сізге қажет нәрсені тезірек ала аласыз. Қазір жылдамдық өте маңызды: тапсырыс неғұрлым тез орындалып, тауар келіп тұрса, соғұрлым сіз оны тұтынушыға тезірек жеткізе аласыз, ал бізде, әдетте, кім бірінші болса, сол жеңеді.*

Білім үшін көрмеге

Байерлер Central Asia Fashion аясында өткен бизнес-конференцияның арқасында кәсіби өсу мүмкіндігін бірауыздан атап өтеді. Қазақстандық мамандар білімнің жетіспеушілігін саланың басты дерті деп санайды, сондықтан Алматыдағы CAF көрмесін жылына екі рет бару күнтізбеде бекітілген.

«Ең бастысы, мен білім беру бағдарламаларына қатысуым», - деп жалғастырды Ильмира Ахенбекова. - Маркетингтік білім берудегі өте қызықты фактілер, статистика, стилистика, нарықта қандай өнім сәнді, өнімді қалай ұсыну керек, клиентпен қалай дұрыс сөйлесу керек - бәрін осы жерден үйренеміз. Менің ойымша, біздің аймақ қатты өзгерді, әлеуметтік желілердің арқасында адамдар әлемдік сән трендтеріне ілесе бастады және тұтынушылық сұраныс мүлде басқаша бағыт алуда. Енді бейнені таңдау әлдеқайда мұқият қарастырылады, ыңғайлы және жеке стильге баса назар аударатын топтаманы таңдайтын болды. Тұтынушылар 5-6 жыл бұрынғыға қарағанда не қалайтынын көбірек біледі және одан да көп нәрсені қалайды. Менің ойымша, біздің өңірдегі бизнестің азабы – оқытатын білім беру жүйесінің жоқтығында, сауатты кадрлардың жоқтығында, түстер мен дене пішімінің, трендтердің үйлесімін таңдай алатын білікті стилист жоқ сияқты. Көрме осы дағдыны меңгеруге барлық мүмкіндікті береді, ал бұл барлық салада алға жылжатын маңызды фактор».

«Di Style» дүкенінің иесі Динара Иманалиева әріптесі әрі жерлесінің ойымен келісуде: *«Мен әйелдер киімін сатумен 2008 жылдан бері айналысып келе жатырмын, 15 жылдан асты. 3 немесе 4 шаршы метрлік шағын бөлмеден бастадым, содан кейін 4 дүкен желісіне айналдым, қазір барлық ассортимент*



«Di Style» дүкенінің иесі, Динара Иманалиева, Шымкент, Қазақстан

ұсынылған бір үлкен дүкенім бар. Мен көрмелердің арқасында кәсібімді дамытып жатырмын десем де болады, себебі фешн-ритейл бизнес пен дүкен иесі болуға оқытатын мұндай жер жоқ.

Ал бұл жерде біз білім аламыз, осындай диплом аламыз, тәжірибеде қолданатын теория аламыз. Мен өте үлкен айырмашылықты сезінемін, – дейді Динара Иманалиева. – Жалпы, Қазақстандағы байерлердің жұмысында басқа елдерге қарағанда айырмашылық бар деп ойлаймын, өйткені біздің менталитетіміз бар: кейбір әйелдер ашық заттарды көбірек сатып алмайды немесе белгілі бір жерлерін өзгерткенді жөн көреді, ал біз осыны ескере отырып, топтаманы таңдаймыз. Мен Шымкенттегі сән бизнесінің қалай өзгеріп жатқанын көріп тұрмын. Барлық буын сәнге ілесуде, адамдар киімді саналы түрде таңдауға тырысады, олар гардеробын киімге толтырмайды және ұзақ уақыт қызмет ететін және трендте болатын киімдерді сатып алады.

«Harson KZ» дүкенінің иесі Ақтөбелік Аягөз Ормағамбетова өз пікірімен бөлісті: «Менің бизнеспен айналысқаным 25 жыл болды: аяқ киім, аксессуарлар, былғары сөмкелер, әйелдерге арналған сырт киім. Айтайын дегенім, егер бұрын біз мүмкіндігінше көп аяқ киім сатумен айналысатын болсақ, қазір уақытымызды тұтынушыларға арнаймыз - сұранысты, сапаны және сәнді ұстанамыз. Ал Central Asia Fashion сияқты жобалар мен үшін Қазақстан азаматы ретінде үлкен мақтаныш. Мен көптеген көрмелерге барамын: Мәскеуде, Түркияда, қазір Қытай ашылды, соған да жетеміз деп үміттенемін. Қазақстанда осындай деңгейге жеткенімізге шын жүректен қуаныштымын. Сонымен қатар қазір дүкен иелерінің алдында көптеген сұрақтар тұр: тек офлайн сатылымдарда ғана емес, бүгінде көптеген онлайн сату құралдары бар және біз, кәсіпкерлер, осының барлығынан сәл артта қалудамыз. Осы орайда CAF үш күндік конференциясы үлкен мүмкіндіктер ұсынуда, қызықты қазақстандық және шетелдік сарапшылармен кездесіп, брендтер, ассортимент туралы көп нәрсені үйреніп, бізге көп көмегін беретін кеңестер алудамыз».



«Harson KZ» дүкенінің иесі Аягөз Ормағамбетова, Ақтөбек, Қазақстан

Сонымен қатар, қазақстандық сән жобасын әзірлеу идеясы және оның танымалдығы байерлерді кәсіби ортамен белсенді түрде бөлісуге, тіпті CAF елшілері мен агенттері болуға шақырады. Мысалы, қарағандылық Ольга Вагнер көрмеде өзінің табысты оқиғасымын бөлісті: «Менде балалар дүкендерінің желісі бар. Шамамен 6-7 жыл бұрын маған хабарласып, Алматыға көрмеге шақырды. Әрине, мен жалғыз келген жоқпын, барлық достарымды, бизнестегі таныстарымды алып келдім. Менімен бірге 20-ға жуық адам келді. Сол жерде маған бірге жұмыс істеуді ұсынды. Әрбір көрме бұрынғы көрмеге ұқсамайды: бірі екіншісінен жақсы, барлығы мүлдем басқа. Көптеген елдер келеді және бұл біз үшін өзара әрекеттесу

тұрғысынан да, бизнесті дамыту тұрғысынан да өте құнды. Central Asia Fashion көрмесіне үлкен табыс тілеймін!».



Байер, Байерлермен жұмыс жөніндегі CAF агенті, Ольга Вагнер, Қарағанды, Қазақстан

Өз кезегінде, ұйымдастыру комитеті келесі маусымның күндерін жариялады - CAF Spring-2024 көктемгі көрме салоны 2024 жылдың 11 наурызы мен 13 наурызы аралығында Алматыдағы «Атакент» ҚБИО-ның 11 павильонында өтеді.

33 МЕЖДУНАРОДНАЯ ВЫСТАВКА МОДЫ
INTERNATIONAL FASHION EXHIBITION
SPRING-2024

CAF
CENTRAL ASIA FASHION

11-13 марта **march** **2024**

Official organizer
Официальный организатор **catexpo**

WWW.FASHIONEXPO.KZ

Шығарылым деректерін пайдаланған кезде дереккөзді көрсету керек: Central Asia Fashion халықаралық сән көрмесінің бизнес-конференциясы.

Фотосуреттерді пайдаланған кезде: Central Asia Fashion баспасөз қызметін көрсету қажет. Материалдарға барлық эксклюзивті құқықтар CAF халықаралық сән көрмесін ұйымдастырушылары- «CATEXPO» ЖШС-не тиесілі.

Фотосуреттерге барлық құқықтар авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы қазақстандық және халықаралық заңнамамен қорғалған